



Гастрофестиваль



лерді сақтау мен өңірде гастрономиялық туризмді дамытудың маңызына тоқталды.

Ауқымды шараға қала тұрғындары мен қонақтары жиналып, өңірдің бай мәдени және гастрономиялық мұрасымен танысты.

Фестивальде тарыдан дайындалған елуге жуық тағам түрі ұсынылған көрме-жәрмеңке көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды. Қатысушылар ұлттық тағамдардың алуан түрімен танысып, шоколадты жент әзірлеу бойынша шеберлік сабағына қатысып, дәстүрлі бауырсақ пен самауриннан құйылған шайдан дәм татты.

Көпшіліктің назары Ойыл ауданының арнайы алаңына түсті. Мұнда тары өсіру және өңдеу тарихына арналған экспонаттар қойылып, дәнді дақылды дәстүрлі тәсілмен дайындау әдістері көрсетілді. Келушілер атақты тарышы Шығанақ Берсиевтің Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі туралы кеңірек мәлімет алып, осы дақылға қатысты ұлттық дәстүрлердің ерекшелігімен танысты.

Фестивальде халық шеберлерінің қолөнер бұйымдары көрмесі де ұйымдастырылды. Қонақтар теріден, киізден, ағаштан және жүннен жасалған авторлық жұмыстарды тамашалап, зергерлік

Мереке

БАЛА ҚУАНЫШЫ — БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

Ақтөбеде 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған салтанатты іс-шара шаттық күлкіге, жас ұрпақтың таным көкжиегін кеңейткен кездесулерге, әсем ән мен биге және көңілді жарыстарға толы болды.

Облыс өкімдігі және облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен Өнер орталығында өткен мерекелік концерт 725 бала қатысты.



Алдымен облыс әкімі Асхат Шахаров құттықтау сөз сөйледі.

— Бұл — балғын балалықтың шаттығын сезіндіретін, мейірім мен қуанышқа толы мереке. Баланың күлкісі — өмірдің сәні, ал олардың амандығы мен бақыты болашағы — баршамыз үшін ең қымбат құндылық. Өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау — мемлекеттің басты міндетінің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың құқығын қорғау, олардың жан-жақты дамуына жол ашу бағытындағы істерге әрдайым ерекше көңіл бөліп келеді, — деп атап өтті Асхат Берлешұлы.

Өңір басшысы осы бағытта біздің облыста жүргізіліп жатқан және жоспарланған жұмысқа тоқталды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасының аясында аймақта 14 жаңа заманауи мектеп салынса, 2027 жылға дейін 24 білім беру ұйымы жаңғыртылатын болады. Қарғалы тұрғын алабында ерекше балаларға арналған 300 орындық арнайы балабақшаның құрылысы қолға алынған, ол биыл аяқталады.

Сезінің соңында облыс әкімі жиналғандарды мерекемен құттықтап, балаларға, ата-аналарға және ұстаздар мен тәрбиешілерге игі тілеп жеткізді.

Сондай-ақ қауламаған балалардың ортасынан Әмина есімді оқушы шығып, Асхат Шахаровтан оның балалық шағы, мектеп қабырғасындағы жылдары туралы сұхбат алды. Сауалдарға жауап беру барысында облыс әкімі:

лі әншілері Бәкір Тәжібаевтың «Ақбұлақ» әнін өте әсерлі орындады. «Саз» үлгілі балалар студиясы, «Шаттық», «Самағу» би студиялары, басқа да қосымша білім беру ұйымдары мен аула клубтары жанындағы өнер ұжымдарының, жас әншілердің өнері зал толы тыңдарманның көңілінен шықты.

Өнер орталығының фойесі де жүзі бал-бұл жанған балаларға лық толы болды. Бұл жерде балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар көрмесі, киіз үйдің ішкі көрінісі, арнайы құрылғымен теңіз өлеміне виртуалды саяхат жасауға арналған орын, балаларға арналған театр, сән жаңалықтары, шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Ақтөбедегі Еуропалық жоғары колледждің білім алушылары балаларға гуманоид роботты тамашалатты.

Ал Өнер орталығының алдындағы алаңда демеушілердің күшімен түрлі жарыс, қызықты ойын-ойын өтті. Әрине, бұл жердің көңілді у-шұы да алысқа дейін жетіп жатты. Мысалы, сәбилерді серуендететін арбалар түріне арналған конкурста ата-аналар өздерінің қиялға қаншалық жүйрік екенін көрсетті. Көпбалалы ана Мәліка Муратқызы жолдасымен бірге егіз баласының арбасын киіз үй түрінде жабдықтапты. «Қазір киіз үйде тұрмасақ та, біз үшін ол әрдайым отбасының, отбасындағы бірлік пен берекенің символы болып қала береді», — деді Мәліка. «Қазақ халқына мың алғыс» стеласы жанындағы алаңда да мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Мұнда ішкі істер және те-

«АҚТӨБЕ — ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ»

«Астана» саябағында осындай атаумен қазақ халқының тарихында, мәдениетінде және ұлттық тағамдарында ерекше орын алатын тары дақылын өсіру дәстүрін сақтау мен дәріптеуге арналған гастрофестиваль өтті. Оған облыс әкімі Асхат Шахаров, облыстық мәслихат депутаты Гүлқасима Сүйінтаева, сондай-ақ облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, мәдениет саласының қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Өңір басшысы фестивальдің көрме алаңдарын аралап көрді, қатысушылармен және қонақтармен жүздесті. Сондай-ақ ұлттық дәстүр-



өнер туындыларымен танысты және қолөнершілер өткізген шеберлік сабақтарына қатысты.

Гастрофестиваль ұлттық тағамдарды насихаттайтын мерекелік шара ғана емес, мәдени мұраны дәріптеуге, дәстүрлі өнімдерге деген қызығушылықты арттыруға және тарихи жадыны сақтауға бағытталған маңызды алаңға айналды. Іс-шара қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі тарының ерекше орнын тағы бір мәрте айқындап, Ақтөбе облысының осы бірегей дақылды дамытудағы маңызды орталықтың бірі екенін көрсетті.

(Фестиваль туралы толық материалды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.)
Д.АЙДАР.

Оқитын ұлт

АҚТӨБЕ — КӨРКЕМ СӨЗ БЕН ТЕРЕҢ БІЛІМ ТОҒЫСҚАН МЕКЕН

«Кітап оқитын ұлт» жобасы — кітап оқу мәдениетін дәріптеп, қоғамның рухани өріс-танымын дамуына серпін беретін маңызды бастама. Жоба аясында өңірлер арасындағы әдеби эстафета Ақтөбе облысына келіп жетті. Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов кітап эстафетасын Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровқа жолдады.

Ақтөбе өңірінің басшысы кітап аманатын ресми түрде қабылдап алып, оқырман қауымға дақты қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын оқуды ұсынды.

«Кітаптан дос болған ұрпақтың танымы терең, ой-өрісі кең, рухы асқақ болады», — деп атап өтті өңір басшысы Асхат Шахаров. Өз кезегінде Ақтөбе облысының әкімі әдеби эстафетаны Қарағанды облысының әкімі Ермағамбет Белекбаевқа жолдады.

Айта кетейік, өткен аптада Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов оқырманға Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» кітабын оқуды ұсынған болатын. Аталған шығарма бойынша «Хабар» телеарнасының таңғы эфирінде арнайы викторина ұйымдастырылды. Сайыс барысында қойылған сұрақтарға көрермен тарапынан нақты жауап берілмегендіктен, бас жүлде — соңғы үлгідегі iPhone смартфон — өз иесін таппады.

Келесі жұма күні сағат 7.00-9.00 аралығында «Хабар» телеарнасының таңғы эфирінде Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі негізінде кезекті әдеби викторина өтеді. Сұраққа мүдірмей, дұрыс жауап берген телекөрсерменге бағалы сыйлық табыс етіледі.

Жобаның негізгі миссиясы — бұқараның, әсіресе жастардың кітапқа деген сүйеншілігін ояту, оқырманды ынталандыру және аймақтардың мәдени-ағартушылық кеңістігін жаңа деңгейге көтеру.

А.МӘЛІҚЫЗЫ.

Инвестиция



ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Құны 176,9 млн АҚШ доллары көлеміндегі цемент зауыты өңірдің өнеркәсіптік дамуының маңызды драйверіне айналып, жаңа жұмыс орнын құруға және аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етпек.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында «QazCem Industries» ЖШС цемент зауытының (жылына 1,3 млн тонна өнім шығарады) құрылысын бастауға арналған салтанатты рәсім өтті. Жаңа жоба өңірдегі ең ірі индустриялық нысанның біріне айналып, Қазақстанның құрылыс саласының дамуына қосымша серпін береді.

Іс-шараға Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Ақтөбедегі Қытай Халық Республикасының Бас консулы Го Юй, Tianshan Materials директорлар кеңесінің төрағасы Чжао Синьцзюнь, Sinoma Cement президенті Жун Якунь, мемлекеттік органдардың өкілдері, инвесторлар мен жоба серіктестері қатысты.

Рәсім бастау шарасына дейін қонақтар құрылыс алаңындағы дайындықпен танысты. Қазір инженерлік инфрақұрылым дайындалып, өндірістік жабдықтар орналастырылып және болашақ кәсіпорын нысаны салынып жатыр.

Салтанатты рәсім барысында Асхат Шахаров жобаның өңір мен ел үшін стратегиялық маңызын атап өтті.

«Бүгін біз жылына 1,3 млн тонна өнім шығаратын заманауи цемент зауыты сияқты ірі индустриялық жобаны іске асыруды қолға алдық. Бұл — Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында қол жеткізілген келісімнің нақты нәтижесі», — деді өңір басшысы.

Жобаның жалпы инвестиция көлемі — 176,9 млн АҚШ доллары. Жыл соңына дейін жобаның 75 пайызы, яғни шамамен 132,7 млн доллар игерілді деп жоспарланған.

Жұмыспен қамту мәселесіне баса назар аударылған. Зауыт іске қосылғаннан кейін 250-300 жұмыспен қамтылған. Байғанин ауданында «Мансап» орталығының жолдамасымен жергілікті тұрғындардың бір бөлігі жұмысқа орналастырылды.

Жоба Ақтөбе облысы әкімдігі мен «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ қолдауымен, қазақстандық Primus Capital компаниясы мен Қытай-

дың CNBM корпорациясына кіретін Sinoma Cement компаниясының серіктестігі аясында жүзеге асырылуда.

Primus Capital холдингінің негізін қалаушы Сапарбек Тұяқбаев цемент зауыты жобасын жүзеге асыру өңірдің индустриялық әлеуетін нығайтып қана қоймай, заманауи технология мен халықаралық өндірістік стандарты енгізу арқылы отандық мамандардың көбісі құзыретін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Ақтөбе облысындағы цемент зауытының құрылысы — Қазақстан өнеркәсібіне тікелей шетелдік инвестиция тарту мен халықаралық деңгейдегі озық технологияларды енгізудің жемісті нәтижесі. Primus Capital инвестициялық холдингі бұған дейін де шетелдік серіктестер мен халықаралық капитал қолдауымен бірқатар жобаны жүзеге асырған. Біз Sinoma Cement компаниясымен бірлесіп, энергия тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздіктің халықаралық озық талабына жауап беретін жоғары технологиялық өндіріс құрамыз, — деп атап өтті ол.

Tianshan Materials директорлар кеңесінің төрағасы Чжао Синьцзюнь бұл цемент зауыты компанияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық жобасы екенін сөз етті.

«Қазақстан — Қытайдың маңызды серіктесі және «Бір белдеу — бір жол» бастамасындағы негізгі елдің бірі. Ақтөбедегі жоба өңірдегі өндірістік тізбекті кеңейтуге және өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамытуға негіз болады», — деді ол.

Sinoma Cement президенті Жун Якунь кәсіпорынның қауіпсіздік, сапа және экология талабының халықаралық стандарттарына сай болатынын жеткізді.

Салтанатты рәсім қорытындысында қатысушылар құрылыс-монтаж жұмысына ресми түрде бастау беріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Айта кетейік, Байғанин ауданы инвестициялық белсенділігін тұрақты түрде көрсетіп келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ауданның өнеркәсіптік өнім көлемі 216,1 млрд теңгені құрады, негізгі капиталға салынған инвестиция 56,8 млрд теңгеге жетті. 2026 жылдың сәуір айында аудан экономикасына 19 млрд теңге инвестиция тартылған.

А.САЙЛАУҚЫЗЫ.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

1 маусым 2026 жыл №КЗ04А112U00351192

«Нығмет» шаруа қожалығының уақытша өтеулі жер пайдалану құқығына берілген жер учаскесінің бір бөлігін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37- баптарына сәйкес, «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің хаты негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Нығмет» шаруа қожалығына Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Благодарный селолық округіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатынан шаруа қожалығын жүргізу үшін нысаналы мақсатымен, уақытша өтеулі жер пайдалану құқығындағы жалпы алаңы 284,5 га жер учаскесінің (кадастрлық нөмірі 02-036-181-109) 0,64 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін сумен жабдықтау жүйелері орналасуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі — осы қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ-не жүктелсін.

Жолықу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 51 кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып келуіне байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырсын.

«Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қунтайғына жүктелсін.

Осы шешім/қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шешім/қаулыны дайындаған бөлім басшысының (лауазымды адамның) және қала әкімінің электронды-цифрлық қолтаңбасы.

Қала әкімі А.БЕКЕТ.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

1 маусым 2026 жыл №КЗ04А112U0035119

«Мерей» шаруа қожалығының уақытша өтеулі жер пайдалану құқығына берілген жер учаскесінің бір бөлігін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37- баптарына сәйкес, «Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ-нің хаты негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Мерей» шаруа қожалығына Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Садовое тұрғын массиві, 115 үй (кадастрлық нөмірі 02-036-212-157), алаңы 52,0500 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатынан шаруа қожалығын жүргізу үшін нысаналы мақсатымен уақытша өтеулі жер пайдалану құқығындағы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін «Түйетөбе» ескерткіш-белгісі және Садовий-IV, Садовий-VIII, Садовий-IX, Садовий-X, Садовий-XI археологиялық қорғандарының орналасуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі — осы қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ жүктелсін.

Жолықу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 51 кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып келуіне байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырсын.

«Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қунтайғына жүктелсін.

Осы шешім / қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шешім/қаулыны дайындаған бөлім басшысының (лауазымды адамның) және қала әкімінің электронды-цифрлық қолтаңбасы.

Қала әкімі А.БЕКЕТ.

Әлеуметтік қорғау

ТЕХНИКАЛЫҚ ОҢАЛУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖАҢА ПУНКТТЕРІ АШЫЛАДЫ

Елімізде мүгедектігі бар адамдарды техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етудің жаңа пилоттық жобасы іске қосылады. Жоба аясында азаматтар қажетті техникалық оңалту құралдарын өтеусіз негізде уақытша пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Жобаның мақсаты — техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету жүйесінің қолжетімділігін арттыру, көмек көрсету мерзімін қысқарту және ресурстарды тиімді пайдалану.

Қазіргі таңда кейбір техникалық оңалту құралдары ауыстырылғаннан кейін, пайдаланушының қажеттілігі өзгергенде немесе өзге де өмірлік жағдайларға байланысты техникалық тұрғыдан өрі қарай пайдалануға жарамды күйде қалады. Алайда бұған дейін оларды қайтару, тексеру, қалпына келтіру және қайта беру тетігі толыққанды қарастырылмаған еді. Жаңа пилоттық жоба осы мәселені шешуіне бағытталған.

Жоба аясында ТОҚ прокат пункттері құрылады. Бұл құралдарды беру орны ғана емес, толыққанды сүйемелдеу жүйесі болады. Мұнда ТОҚ қабылдау және беру, техникалық бағалау, санитарлық өңдеу, жөндеу, бейімдеу және пайдаланушыларға кенес беру жұмыстары жүргізіледі.

Резервтік қор негізінен қайтарылған техникалық оңалту құралдары есебінен қалыптастырылады. Олар арнайы сараптамадан өтіп, қауіпсіз және өрі қарай пайдалануға жарамды деп танылған жағдайда ғана қайта қолданысқа жіберіледі. Қайта пайдалануға тек сапалы қалпына келтіруге, дезинфекциялауға және жаңа пайдаланушыға бейімдеуге болатын құралдар ғана жіберіледі. Ал санитарлық немесе техникалық талаптарға сәйкес келмейтін жеке пайдалануға арналған құралдар қайта берілмейді.

Жоба аясында қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылады. Қайтарылған әрбір ТОҚ әлеуметтік-техникалық сараптамадан өтеді. Сараптама барысында мамандар құралдың техникалық жағдайын, тозу деңгейін, пайдалану қауіпсіздігін және жөндеуге жарамдылығын бағалайды. Осыдан кейін ғана құрал резервтік қорға енгізілуі мүмкін.

Пилоттық жоба уақытша ТОҚ-пен қамтамасыз ету механизмін де қарастырады. Егер негізгі құрал бұзылып қалса немесе жөндеуде болса, адам қажетті оңалту құралынсыз қалмас үшін оған уақытша балама беріледі.

Процестердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін цифрлық есепке алу жүйесі енгізіледі. Әрбір ТОҚ-қа жеке есептік нөмір беріледі, ал беру, қайтару, жөндеу және есептен шығару кезеңдерінің барлығы электронды жүйеде тіркеледі. Бұл жоғалу, мақсатсыз пайдалану және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Балалар мен қозғалыс мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аудару жоспарланған отыр. Техникалық оңалту құралын бөлу кезінде өмірлік қажеттілік деңгейі, қозғалыс шектеулері және әлеуметтік осалдық ескеріледі.

Әлеуметтік-техникалық сараптаманы Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы жанындағы арнайы комиссия жүргізеді. Оның құрамына реабилитолог дәрігерлер, техникалық мамандар, әдіскерлер және басқа да бейінді сарапшылар кіреді.

Пилоттық жоба жаңа моделді тәжірибелік сынақтан өткізу кезеңі ретінде қарастырылады. Іске асыру барысында шағындар, ұсыныстар және практикалық нәтижелер талданып, қажет болған жағдайда резервтік қордың жөндеудің, бөлуінің және ТОҚ-ты қайта пайдаланудың тетіктері жетілдірілуі мүмкін.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мұндай жүйелер Франция мен Германия сияқты бірқатар елде табысты қолданылып келеді. Ол оңалту процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін көмектің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпей, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Бекзат ӘШІМОВ,
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

Сыбайлас жемқорлық

**АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК****Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен соттар мен құқық қорғау органдарының қызметінде сыбайлас жемқорлыққа ықтимал алғышарттарды азайту стратегияларын талқылау және әзірлеу мақсатында бірқатар кездесу өтті.**

Кездесулер барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын енгізу арқылы процестерді автоматтандыру, ресімдердің ашықтығы мен есептілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Аталған шараға департамент басшылығы қатысып, соттар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесті. Атап айтқанда, кездесулер Ақтөбе станциясындағы көліктегі полиция бөлімінде, Ақтөбе облысы бойынша сот әкімшілігінде, экономикалық тергеп-тексеру, қылмыстық-атқару жүйесі, сондай-ақ құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі департаменттерінде ұйымдастырылды.

Кездесулердің негізгі мақсаты — соттар мен құқық қорғау органдары қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған тиімді тетіктерді қарастыру, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану арқылы адами факторды азайту. Негізгі бағыттар

ретінде мемлекеттік қызмет көрсету және процессуалдық қызмет барысында процестерді автоматтандыру, ашықтықты қамтамасыз ету, есептілікті күшейту және тәуекелдерді ерте көзде анықтау мәселелері айқындалды.

Диалог алаңында қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, үздік тәжірибелерді талқылады. Сондай-ақ цифрлық мониторинг құралдарын пайдалану, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру және инновациялық технологияларды тәжірибеге енгізу бойынша нақты ұсыныстар қарастырылды.

Шара барысында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және адалдық қағидаттарын нығайту мәселесі кеннен талқыланды. Бұдан бөлек, профилактикалық шараларды жетілдіру, бақылау тетіктерін күшейту және мекемелер қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету бағытына ерекше көңіл бөлінді.

Өз тілшімі.

Семинар

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ**Батпақкөл ауылдық округіне қарасты Жағабұлақ ауылындағы №3 «Балауса» бөбекжай-бақшасында «Ерте жастан еңбек пен кәсіпке бейімдеу моделі: цифрлық ресурстар мүмкіндіктерін пайдалану» тақырыбында аудандық семинар өтті.**

Іс-шараның мақсаты — мектеп жасына дейінгі балалардың мамандықтар әлеміне қызығушылығын арттырып, еңбекке және есептен шығару кезеңдерінің барлығы электронды жүйеде тіркеледі. Бұл жоғалу, мақсатсыз пайдалану және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Оқу-ағарту министрлігінің баспасымен жүзеге асырылып жатқан «Ерте жастан кәсіпке және еңбекке баулу» пилоттық жобасы аясында балабақшада бірқатар игі жұмыс қолға алынған. Балабақша меңгерушісі Жанат Бигелдинова қатысушыларды демеушілер қолдауымен ашылған зергерлік шеберхана, «Робототехника және инженерия», STEM технологиялары кабинеттері, «Жасыл балабақша», шахмат үйірмесі және жуырда пайдалануға берілген «Мамандықтар әлемі» мен тұз шахтасы кабинеттерін таныстырды.

Семинар барысында тәрбиеленушілердің еңбекке және кәсіпке баулу бағытындағы жетістіктері таныстырылып, ұйымдастырылған оқу қызметтері мен шеберлік алаңдарының жұмысы көрсетілді. Балалар түрлі мамандық иелерінің еңбегін сахналық көріністер, ойын элементтері және тәжірибелік жұмыстар арқылы әсерлі жеткізіп, шығармашылық қабілетін паш етті.

Педагогтар цифрлық ресурстарды тиімді қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар қатысушылары еңбекті балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру мен мамандықтарға қызығушылық қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жоғары бағалап, заманауи білім беру технологияларының тиімділігіне көз жеткізді.

Ақтоқты ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
№3 «Балауса» бөбекжай-бақшасының әдіскері.
Мұғалжар ауданы.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ
www.aqtobegazeti.kz**С.Б.Құсмамбетов ЖК Алға қ. ҚТҚ полигоны үшін НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.**

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдау өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаудың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдау бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Ақтөбе облысы, Алға қаласы.

Тыңдау 8.07.2026 жылы сағат 15.00-де Ақтөбе облысы, Алға қ., 5-шағын аудан, 4-үй (әкімдіктің акт залы) мекенжайы бойынша өтеді.

Конференция идентификаторы:
<https://us05web.zoom.us/j/5320324522?pwd=VnRrP64rVACdC4X242KWp86upVwKw.>

Жиналыс идентификаторы: 532 032 4522. кіру коды: 123456

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашы — С.Б.Құсмамбетов ЖК. тел.: +7(705) 6045284. Ақтөбе облысы, Алға қаласы, Уәлиханов көшесі, 20, 100-пәтер, samatok92@mail.ru

Объектінің географиялық координаттары: 49°56'14.5" с.ш. 57°16'49.5" в.д.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші ЖК Құнтаева Ж. С., Ақтөбе қ., Әлия Молдағұлова даңғылы, 56Д/к2, 40, ecology122@mail.ru

Жоспарланған қызметке ескертулер мен ұсыныстарды e-mail арқылы жіберуге болады: aktobe.uprrg@yandex.kz немесе 87132550930 нөміріне қоңырау шақыңыз.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын материалдар СОС ҰБД экологиялық порталында және т. б. орналастырылады <https://ndbcecology.gov.kz> және жергілікті атқарушы органның ресми интернет ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmolauapr?lang=ru>

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдау өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ e-mail бойынша жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: ecology122@mail.ru немесе тел: 87773191746.

Қоғамдық тыңдау өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, e-mail: aktobe.uprrg@yandex.kz, тел: 87132550930.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «КУЛ-БАС» ЖШС, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

Көзделіп отырған қызмет: «КБД-11 ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба, содан кейін ұңғыманы пайдаланудан айдау ұңғымасына ауыстыру».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zheraidalanu/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 28.05.2026 ж. – 29.06.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «СНПС - Ақтобемұнайгаз» АҚ, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

Көзделіп отырған қызмет: 1) «Атжақсы өзенінің Жаңажол м/р учаскесінде бекітілген арматура(ысырмалар) орната отырып, Оңтүстік ДНС-тен ЗПН-4-ке дейінгі мұнай құбырын реконструкциялау» 6993, 2) «Кеңжияқ-тузасты кен орнының №8095 пайдалану ұңғымасын салу» 4432.

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zheraidalanu/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 28.05.2026 ж. – 29.06.2026 ж.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**90-71-55** aktobesmi@mail.ru

Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі еңбек ардагері **Сәндібай ИМАҒАМБЕТОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, балаларына және бауырларына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ07УР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңағұл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данағұл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҮРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Қамшат ҚОПАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира



● МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ

Лето начинается с праздника

